

Премьер-Лига

1-2 маусым күндері 10-тур ойындары өтті. Бұған дейін Магомед Адиев Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкерлігінен кетті. Әсіресе соңғы екі жеңілістен соң біздің құраманы бұдан әрі өрге сүйрей алмайтынын сезді ме, әлде басқа жағдайлар себеп болды ма, қалай болғанда да, біздің жігіттерге енді жаңа бапкер келетін болды. Ал ақтөбелік футболшы Максим Самородовқа «құда түсушілер» көбейіп кетті. Рас, олардың арасында әзірге Еуропаның үздік клубтары жоқ. Дегенмен Максимнің әлі жас ойыншы екенін ескерсек, ондай күн де келетініне күмәндануға болмайтын сияқты. Ал өз чемпионатымыздағы кездесулерге келсек, сырт алаңда 1:2 есебімен жеңіске жеткен «Қайсардың» сенсациялық ұтысы жанкүйерлерді гу еткізді.

Бұл турда «Ақтөбе» сырт алаңда, Шымкентте «Тұран» командасымен кездесті.

«Тұран» өрине, фаворит емес. Дегенмен өздерінің мәліметінше, ақтөбеліктердің соңғы бес ойынын асықпай зерделеген түркістандықтар қатты қарсылық көрсетті. Небәрі үшінші минутта Максим Самородовтың соққысы қақпа дінгегіне тиіп кері серпілуі де оларды үркіте алмады. Обалына не көре, жерлестеріміз қарсыластар қақпасына қауіп төндірумен болды. 17-минутта Богдан Вэтжелу айып алаңның оң бүйірден қауіпті соққы жасады. Хосе Севальосің соққысы қақпадан жоғары асып түсті. Максим берген тамаша пасты Әлібек Қасым пайдалана алмады. Одан соң да Самородов пен Севальос жасаған шабуылды қарсыластар қақпашысы орта жолдан тоқтатты. Өрине, түркістандықтар да қарап қалмады. Расын айтқан жөн, олар қорғаныста да, шабуылда да бұл кездесуде жан аяған жоқ. Бірінші тайм осылайша алма-кезек шабуылдармен өтті.

Екінші тайм да осы бағытта дамыды. Тек ақтөбелік бас бапкер Дмитрий Парфенов алмастырулар жасаған соң ғана ойынға да, есепке де өзгеріс енді. Кездесудің 77-минутында Рамазан Оразов бұрыштамадан тепкен допты Арман Кеңесов қақпа жаққа қарай қасана бағыттап жібергені сол еді, сәл уақытқа ғана бақылаусыз қалған Жан Жайро атып шықты да, ол да баспен соғып қақпаны дәл көздеді, қақпашы ештеңе жасай алмай қапыда қалды — 0:1.

Осы есеп ойынның соңына дейін өзгерген жоқ. «Ақтөбе» турнир кестесіндегі көшбасшылықты бұл жолы да ешкімге бермеді.

«Тұран»-«Ақтөбе» — 0:1
Гол авторы: Жан Жайро, 77-минут (0:1).
Ескерту қағазын алғандар: Давид Мавутор, 45+3 минут, Марко Николич, 69-минут, Александр Соколенко, 83-минут («Тұран»).

«Ақтөбе» төмендегі құрамда ойнады: Игорь Шацкий, қақпашы, Дмитрий Бесмертний, Әлібек Қасым, Габи Кики, Матео



«АҚТӨБЕ» ШЫМКЕНТТЕ «ТҰРАНДЫ» ТҰҚЫРТТЫ

«Тұран»-«Ақтөбе» — 0:1

Барач, Богдан Вэтжелу (Бағдат Қайыров, 76-минут), Леонель Струмия, Хосе Севальос (Ыдырыс Умаев, 55-минут), Бауыржан Байтана (Рамазан Оразов, 76-минут), Максим Самородов (Жан Жайро, 76-минут), Дорни Ромеро (Арман Кеңесов, 65-минут).
Бас бапкер — Дмитрий Парфенов.

2 маусым 2024 жыл. Шымкент қаласы, Қажымұқан Мұңайтпасұлы атындағы стадион.

Басқа кездесулер:
«Тобыл»-«Қайсар» — 1:2
«Ордабасы»-«Жетісу» — 3:1
«Қайрат»-«Шахтер» — 4:2
«Қызылжар»-«Елімай» — 1:1
«Жеңіс»-«Атырау» — 0:1

Біздің мергендеріміз:
Максим Самородов, жартылай қорғаушы — 4 гол;
Ыдырыс Умаев, шабуылшы — 4;

Габи Кики, қорғаушы — 1;
Әділхан Таңжарықов, қорғаушы — 1;
Әлібек Қасым, қорғаушы — 1;
Матео Барач, қорғаушы — 1;
Бауыржан Байтана, жартылай қорғаушы — 1;
Хосе Севальос, жартылай қорғаушы — 1;
Жан Жайро, жартылай қорғаушы — 1.

Е. АХАТҰЛЫ.

Ақтөбе облысы әділет департаментінде 2024 жылғы 30 мамырда мемлекеттік тіркеу тізіліміне №8586-04 болып енгізілген

Ақтөбе қаласы №139 2024 жылғы 27 мамыр

«2024-2026 Жылдары Субсидиялауға Жататын Ақтөбе Облысының Әлеуметтік Маңызы Бар Облысшілік Автомобиль Қатынастарының Тізбесін Айқындау Туралы» Ақтөбе Облыстық Мәслихатының 2023 Жылғы 13 Желтоқсандағы №84 Шешіміне Өзгеріс Енгізу Туралы

Ақтөбе облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. «2024-2026 жылдары субсидиялауға жататын Ақтөбе облысының әлеуметтік маңызы бар облысшілік автомобиль қатынастарының тізбесін айқындау туралы» Ақтөбе облыстық мәслихаттың 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №84 (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8467 тіркелген) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімге қосымша осы шешімге қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың төрағасы Г.СҮЙІНТАЕВА.

Облыстық мәслихаттың 2024 жылғы 27 мамырдағы №139 шешіміне қосымша
Облыстық мәслихаттың 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №84 шешіміне қосымша

2024-2026 жылдары субсидиялауға жататын Ақтөбе облысының әлеуметтік маңызы бар облысшілік автомобиль қатынастар тізбесі

№	Маршрут атауы (маршрут нөмірі)	Маршрут түрі (атауы)	Әдістемеге сәйкес 1 жолға алынған айқындалған тариф	1 жолға алынған ұсынылатын немесе қолданыстағы тариф	Нақты және ұсынылатын тарифтер айырмасы	Әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынасының 3 жылға болжамдалатын жылдар бөлінісінде субсидиялау көлемі			
						2024	2025	2026	барлығы
1	№111	Ақтөбе-Маржанбулақ	689,78	150	539,78	51 161 762	51 161 762	51 161 762	153 485 286
2	№255	Ақтөбе-Қарауылкелді	2848,85	1500	1348,85	18 937 869	18 937 869	18 937 869	56 813 607
3	№231	Ақтөбе-Қобда	1338,15	600	738,15	24 801 722	24 801 722	24 801 722	74 405 166
4	№105	Ақтөбе-Сарыжар	838,17	200	638,17	46 572 225	46 572 225	46 572 225	139 716 675
5	№103	Ақтөбе-Родниковка	980,03	350	630,03	20 866 653	20 866 653	20 866 653	62 599 959
6	№211	Ақтөбе-Мәртеп	1560,78	400	1160,78	25 537 256	25 537 256	25 537 256	76 611 768
7	№239	Ақтөбе-Хромтау	1381,42	600	781,42	143 355 665	143 355 665	143 355 665	430 066 995
8	№207	Ақтөбе-Қандыағаш	1569,54	700	869,54	146 395 468	146 395 468	146 395 468	439 186 404

Ақтөбе облысы әділет департаментінде 2024 жылғы 30 мамырда мемлекеттік тіркеу тізіліміне №8585-04 болып енгізілген

Ақтөбе қаласы №142 2024 жылғы 27 мамыр

ЖЕРГІЛІК БЮДЖЕТТЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛАТЫН АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ ҚАРЖЫ ЖҰМЫСҚЕРЛЕРІНІҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ АЙЛЫҚАҚЫЛАРЫНА ҮНТАЛАНДЫРУ ҮСТЕМАҚЫЛАРЫН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына және «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысының 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Ақтөбе облысының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Ақтөбе облысының жергілікті атқарушы органы айқындаған тәртібі мен шарттарына сәйкес жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, Ақтөбе облысының білім беру ұйымдары қаржы жұмысқерлерінің лауазымдық айлықақыларына отыз пайыз мөлшерінде үнталандыру үстемеақылары белгіленсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың төрағасы Г.СҮЙІНТАЕВА.

«HTS EXPLORATION LTD» ЖК

«ҚР Ақтөбе облысында орналасқан Алашқаған кен орнын игеру жобасы» әрекет етуге Экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар пакеті: Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ); Жол берілетін қалдықтар нормативтері жобасы (ЖБҚН); Қалдықтарды басқару бағдарламасы Жобасы (ҚБЖ); Экологиялық бақылау бағдарламасы Жобасы (ЗБЖ); Табиғат қорғау іс-шаралары жоспары (ТҚШЖ) тақырыбына ашық жиналыс арқылы қоғамдық тыңдау өткізетіндігін хабарлайды.

Әсер ету аумағы — Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Миялы ауылы (47°15'41"с.ш. 55°33'52"в.д.). Қоғамдық тыңдау 2024 жылы 9 шілдеде сағат 16.00-де Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Миялы ауылы, Жем өзені көшесі, 19, (Клуб үйі) мекенжайында өтеді.

Онлайн қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us05web.zoom.us/j/83675308645?pwd=Ru0DJNf8GgCXb7TnTK2NTYyYfRh5bK1>

Конференция идентификаторы: 836 7530 8645, кіру коды 8fNiND.
Бастамашысы: ЖК «HTS EXPLORATION LTD», БИН 210640900507, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел, 55/22, 140, тел.: +77015577565, anika1965@yandex.ru.

Жобаны әзірлеуші деректемелері: ЖК «Alt-Tab», ИНН:930819300125. Әкілі: Абытов А.Х. Тел.: 8-700-222-19-08, e-mail: a.abytov@inbox.ru.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanu?lang=ru сайтында танысуға болады.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты +7 700 222 1908 телефоны, a.abytov@inbox.ru бойынша сұрауға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды: «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» MM expert_oos@mail.ru Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40 мекенжайы бойынша қабылдайды.

ЖАРНАМА
БӨЛІМІ:
90-71-55
aktobesmi@mail.ru

«HTS EXPLORATION LTD» ЖК

«ҚР Ақтөбе облысында орналасқан Алашқаған кен орнын игеру жобасы» әзірленген «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша ашық жиналыстар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Әсер ету аумағы — Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Миялы ауылы (47°15'41"с.ш. 55°33'52"в.д.).

Қоғамдық тыңдау 2024 жылы 9 шілдеде сағат 15.00-де Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Миялы ауылы Жем өзені көшесі, 19, (Клуб үйі) мекенжайында өтеді.

Онлайн қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us05web.zoom.us/j/83675308645?pwd=Ru0DJNf8GgCXb7TnTK2NTYyYfRh5bK1>

Конференция идентификаторы: 836 7530 8645, кіру коды 8fNiND.
Бастамашысы: ЖК «HTS EXPLORATION LTD», БИН 210640900507, Астана қаласы Есіл ауданы, Мәңгілік ел, 55/22, 140, тел.: +77015577565, anika1965@yandex.ru.

Жобаны әзірлеуші деректемелері: ЖК «Alt-Tab», ИНН:930819300125. Әкілі: Абытов А.Х. Тел.: 8-700-222-19-08, e-mail: a.abytov@inbox.ru.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanu?lang=ru сайтында танысуға болады.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты +7 700 222 1908 телефоны, a.abytov@inbox.ru эл.поштасы бойынша сұрауға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды: «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» MM expert_oos@mail.ru Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40 мекенжайы бойынша қабылдайды.

«Ақтөбе» газетіне II жарты жылдығына жазылу жүріп жатыр

Индекс	Жазылушылар санаты		Бағалар	
			қала	ауыл
65420	Жеке тұлғалар үшін	6 ай	5 666,25 тг	5 892 тг
66420	Заңды тұлғалар үшін	6 ай	6 818,25 тг	7 044 тг
67420	Жеңілдікпен алушылар үшін	6 ай	4 982,25 тг	5 208 тг

ЖАЗЫЛУДЫ ҰМЫТПАҢЫЗ!



Көрсетілген байланыс телефондары арқылы жазылуға қатысты толық ақпараттарды ала аласыздар:

8 (7132) 90-71-67 (редакция),
90-12-19 («Қазпошта» АҚ).

Ақтөбе
ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСАТ ГАЗЕТ

Меншік иесі: «АҚТӨБЕ МЕДИА» ЖШС

Газет 1974 жылы «Күрмет белгісі» орденімен марапатталған

Директор
Раукен ОТЫНШИН

Директордың орынбасары
Айгүл НҮРКЕЕВА

Бас редактор
Сәтжан ДӘРІБАЙ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, №КЗ07УР00061916 күлігі берілген.

Бас редактордың орынбасары
Мейрамгүл САТАЕВА

Жауапты хатшы
Динара САНГУЛОВА

АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Данагүл ҚАЗИХАН, 90-71-64

Тілшілер
Кәмшат ҚОПАЕВА, Ақерке САТЫБАЛДЫ, Ақмарал МҰҚАШЕВА

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Айбек ТАСҚАЛИЕВ, 90-71-64

Тілшілер
Нұрмұханбет ДИЯРОВ, Арайлым НҮРБАЕВА

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ, 90-92-37

Тілшілер
Индира ӨТЕМІС, Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

Сайт редакторы Аслан СЫДЫҚОВ

Фототілші Хайреден РАУШАНОВ

Беттеушілер Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА, Лаура ЖАЛПАРОВА

Теруші Гүлмара АЙНАЗАРОВА

Корректорлар Қалдыгүл МЫРЗАТАЕВА, Ақбота АҚДӘУЛЕТОВА

Жазылу және тарату бөлімі 90-71-67

Жарнама бөлімі 90-71-55

Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы, Тілеу Батыр көшесі, 10.

Қабылдау белмесі: 90-71-61.
Сайт: www.aktobegazeti.kz
E-mail: aktobegazeti@mail.ru

Аптасына 2 рет шығады.

Таралымы 14727 Тапсырыс №714

Немірдің кезекші редакторы
Ақерке Сатыбалды

